

ӘОЖ 323.12(470.64):94(574) “1944”

ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЕР АУДАРЫЛҒАН БАЛҚАРЛАР

Асқарұлы Дархан

baibaris_mamluk@mail.ru

Л.Н.Гумилёв атындағы ЕҰУ,
тарих мамандығының 2-курс докторанты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Қазақстанға халықтарды жер аудару үдерісі кеңестік билік жүйесінің сипатты қырларының бірі саналады. Тарихи отандарынан ішінара немесе тұтастай күштеп көшірілген

халықтардың тағдырында орын алған аса ауыр кезең әлі күнге дейін сол ұлттардың тарихи жадында өзіндік таңбаға ие.

1943 жылы фашист басқыншыларынан Солтүстік Кавказ жерлерін азат ету орын алғаннан соң кеңестік автономды республикалардың ішкі істер халық комиссариаттары мен мемлекеттік қауіпсіздік ұйымдары КСРО ішкі істер халық комиссары, мемлекеттік қауіпсіздіктің бас комиссары, Л.П. Берияға өз жұмыстарының есептерін жібере бастады. Бұл құжаттарда Солтүстік Кавказда соғыс қимылдары уақытында ұлттық автономиялардағы әскери-саяси жағдай, антикеңестік элементтер және қылмыскерлермен күрес жөнінде хабарланды. Мемлекеттік қауіпсіздік ұйымдарының есептерінің негізінде Лаврентий Берия КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің төрағасы, И.В. Сталинге қарашай, қалмақ, шешен, ингуш, балқар халықтарын сатқын деп айыптаған баяндама тапсырды [1, 5-б.]. Әрине, мемлекеттік деңгейдегі қуғын-сүргін үдерісінің басталуы жеке саяси тұлғалардың және тұтас тоталитарлық мемлекеттік жүйенің заңды салдары болып табылады.

Шешендер мен ингуштарды жер аудару операциясының басталуының ертеңінде-ақ ішкі істер халық комиссары Берия Сталинге баяндама жолдады. Баяндамада алдағы уақытта шешендер мен ингуштарды жер аударуды аяқтап босайтын әскерилер мен арнайы құқық қорғау ұйымдарының қызметкерлерін балқарларды Солтүстік Кавказдан жер аударуға қолдану керектігін ұсынады, аталған операцияны 15-20 наурызда аяқтауға болатынын атап көрсетеді. Балқарлардың жалпы саны 40 900 адам екендігін де қоса баяндайды [2, 241]. Кеңестік билік Солтүстік Кавказдағы бірқатар халықтарды, соның ішінде түркі халқына жататын балқарларды да жер аударуға осылайша бел буды.

1944 жылдың 5 наурызында МҚК «Балқарларды жер аудару туралы» қаулыны жариялады [2, 241]. Егер де фашистік Германия мемлекеттік деңгейде «жау» атанған бөгде халықтарға және соғыс кезінде тұтқынға түскен жау сарбаздарына арнап концентрациялық лагерьлерді салған болса, кеңестік билік керісінше КСРО құрамындағы өз халықтарына жала жауып, оларды түрлі деңгейде белгілі бір аймақтарда «қамаққа» алды. Біртіндеп «халықтар түрмесіне» айнала бастады.

1944 жылдың ақпан айының өзінде Солтүстік Кавказдан жаңадан жер аударылып келетіндерді қабылдауға әзірленіп жатқан Қазақ КСР ішкі істер халық комиссары Н.К. Богданов КСРО ішкі істер халық комиссары Л.П. Берияны бір топ мәселелерден хабардар етті. Атап айтар болсақ, арнайы жер аударылып келушілерді санитарлы тазалаудан өткізу үшін жасақталған моншалар мен дезинфекциялық камералар болғанымен, ең басты сабынның жетіспеушілігі барлық дайындықты жоққа теңейтіндігін ескерткен. Қазақстандық билік көрсетілген мәселе бойынша 20 тонна сабын берілуін сұратқан еді. Орталықтан көмек келгенше жергілікті басшылық пионерлер мен комсомолдарды сабынды қолдан жасауға қажетті шөптерді жинақтауға жұмылдыруға тырысты, бірақ негізгі күштің барлығы майданның қажеттіліктерін қанағаттандыруға кетіп жатқан-ды [3, 35]. Он мыңдаған халықтарды қабылдап алуға міндеттелген республикаларда қарапайым сабынның жетіспеушілігінің болуын назарға алсақ, азық-түлік пен киім-кешек, баспана сынды қомақты материалдық шығынды қажет ететін жағдайлар бойынша қалыптасқан жағдайды аңғару қиын емес.

1944 жылдың 23 наурызында КСРО ПХК АҚБ басшысы М.В. Кузнецов КСРО ПХК комиссарының орынбасары В.В. Чернышевке жолдаған баяндама хатында арнайы жер аударылған балқарлар тиелген эшелондарды қабылдап алу бойынша ақпараттарды мәлімдейді. Ол бойынша Қазақ және Қырғыз КСР территорияларына барлығы 14 эшелон немесе 37433 арнайы жер аударылған адам жеткізілгені аталады. Аталғандардың 8 эшелоны, яғни 21235 арнайы жер аударылған адам Қазақ КСР жеріне орналастырылды. Арнайы жер аударылып келген балқарлар Қазақстанның келесі облыстарына қоныстандырылды: Ақмола-5221 адам, Алматы-5399 адам, Павлодар-2597 адам, Оңтүстік Қазақстан-5272 адам, Семей-2746 адам. Жолда барлық 14 эшелонды қоса есептегенде 36 адам қаза тапқан [3, 345]. Жер аударуға ұшыраған халықтарды адам төзгісіз жағдайда жүк пен мал тиейтін вагондарда

сонау Солтүстік Кавказдан қазақ даласына дейін антисанитариялық күйде жеткізгендігі аман қалған жәбірленуші куәгерлердің естеліктерінде жиі айтылады.

Қарашайлар мен қалмақтарды тасушы әр темір жол құрамы 56 тауар вагонынан жасақталған еді, әр вагонда 40 адамнан тиелген болатын. Дегенмен, ПХК басшылары вагондардағы өте тығыз орналасу, аурудың тарауы мен басқа да адамдарға төнетін қауіпті емес, экономияны ғана ойлап, балқарларды тасымалдауда 56 орнына 65 вагоннан, ал вагонда 40 адамның орнына 45 адамнан тиеу керектігі жөнінде шешім қабылдады, сол арқылы онсыз да антигуманистік жағдайды одан ары ушықтырып жіберді [1, 55]. Көріп отырғанымыздай, жоғарыда аталған көлемде арнайы жер аударылған балқарлар Қазақ КСР жеріне жеткенше де зор қиыншылықтарға тап болып үлгерген еді.

1944 жылдың сәуірінде «Кабардин-Балқар Автономиялы Кеңес Социалистік Республикасында тұратын балқарларды жер аудару мен Кабардин-Балқар АКСР атауын Кабардин АКСР атауына өзгерту туралы» КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы шықты. Жарлықта Кабардин-Балқар автономиясының герман әскерлерінің оккупациясында болған кезде балқарларға жауға таулы өткерлерден жол табуға көмектескені, Қызыл Армияға қарсы қимылдарға қатысқаны, ел азат етілген соң антикеңестік қылмыстық топтарды құрғандықтары жайында кінә тағылады. Осылайша, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы М.Калинин мен хатшысы А.Горкин қол қойған жарлық балқар халқының түгелдей айыпталып, одақтас республикаларға жер аударылуын «заңдастыруға» бағытталған құжаттың біріне айналды [4, 116-117]. Адамзат тарихында жеке адамдар топтарынан бөлек тұтас ұлттарды айыптаудың тағы бір парағы осылайша жүзеге асты. Өздері тауар вагондарында отандарынан алысқа жөнелтілген балқарларға қайтып келер болса басар таудың да қалмауы үшін тоталитарлық билік Кабардин автономиясын ғана қалдырып, «Балқар» мемлекетінің халқымен бірге келмеске кетуіне қолдарынан келетін барлық айлашараны қолданады.

Қазақстанға жер аударылған халықтар жалпы алғанда 15 облыстың 151 ауданына қоныстандырылды. Сол арқылы қарашай, балқар, қалмақ, ингуш, шешен, месхет түріктері, қырым татарлары және басқа да арнайы жер аударылған халықтар алып территорияда тарыдай шашылып орналастырылды [1, 102]. Арнайы жер аударылғандарға қатысты мемлекеттік жоғарғы органдары түрлі жоспарлар мен нұсқаулықтарды барлық қабылдаушы республикаларға, облыстар мен аудандарға жібергенімен, мұндай көлемдегі «көшті» жүйелі дайындықсыз барлық қажеттімен қамту өте күрделі мәселе еді, оның үстіне барлық үдерістер соғыс жағдайында орындалып жатқан болатын.

Қазақ КСР ХКК төрағасы Н.Ундасынов пен Қазақ КСР КП (б) ОК төрағасы Н. Скворцов КСРО КП (б) ОК төрағасы Г.М. Маленковқа «Арнайы жер аударылғандарды шаруашылық тұрғыда орналастыру мен осы іске қажетті көмек» атты баянадама әрі көмек сұрау мәнінде қызметтік хат жолдайды. Бұл құжатта арнайы жер аударылғандарды орналастыру кезінде қажетті баспананың тапшылығы, азық-түлік қорының толық жасақталып үлгерілмеуі, бірқатар кеңестік мекемелердің басшыларының арнайы жер аударылғандарға қатысты лайықсыз қатынас көрсетуі, ауру мен эпидемиялардың таралуы жөнінде айтылады. Осы аталған мәселелерді шешу мақсатында жергілікті мемлекеттік басшылық біршама іс-қимыл жоспарларын мамыр айында құрып, еңбекке жарамды арнайы жер аударылғандарды ауыл шаруашылығының салаларына орнықтыру бойынша нақты жоспарлар мен нұсқауларды іске асырған. Сондай-ақ, республикалық деңгейдегі білікті 9 мемлекеттік қызметкер аймақтардағы жергілікті басшылардың жұмыстарын қадағалауға, ұйымдастыру істерінде қолғабыс тигізуге арнайы іс-сапарға жөнелтілгендіктері де хатта баяндалады [2, 275-276]. Арнайы жер аударылғандардың мәселесі жоғары мемлекеттік деңгейде алаңдаушылық тудырғандығы, республикалық басшылықтың бұл жайында одақтық орталыққа хабарлауының өзі отандарынан күштеп көшірілген халықтардың, солардың ішінде балқарлардың жаңа жердегі тұрмысының оңай болмағандығына дәлел бола алады.

Жер аударылып келгендерді баспанамен қамту өзекті мәселенің бірі болып қала берді. Көп ретте баспана мақсатында арнайы жер аударылғандарға бөлетін ғимарат болмаған

жағдайда жергілікті қазақ отбасылары өз үйлеріне арнайы жер аударылғандарды бірге тұруға алуға міндеттелді. Арнайы жер аударылғандардың мәселелерінің шешілуі ұзаққа созылды. Қазақ КСР КП (б) ОК төрағасы Ж. Шаяхметов орталыққа хабарлауында арнайы жер аударылғандардың баспана мәселесін де ерекше атап өткен, аз уақытта 500 мың арнайы жер аударылған халықтардың бір республика жеткізілуі онсыз да елдегі ауыр жағдайда шешілуі күрделі түйін екендігі турасында түрлі мәліметтер келтірген [3, 36]. Дегенмен, арнайы жер аударылып келген халықтардың ішінде түркі тілді халықтарға жергілікті қазақтармен тіл табысуда екі фактор оң әсер еткендігі анық, олар: тілдерінің жақындығы және ислам дінінің ортақтығы.

Әсіресе, өндірістік кәсіпорындарға жөнелтілген арнайы жер аударылғандардың отбасыларының жағдайы ауыр болды, өйткені көп санды жұмыс күшіне зәру кәсіпорындар баспанамен қамту мүмкіндігі жеткіліксіз болса да жұмыс күші үшін арнайы жер аударылғандарды қамту шамаларынан тыс қабылдауды әдетке айналдырған. Сонымен қатар, Қазақстанда орман (құрылыс ағашы), шыны, шеге сынды құрылыс материалдарының тапшылығы арнайы жер аударылғандарды сапалы баспанамен қамтудағы қиындықтарды шешуде республика басшылығы үшін қолбайлау болды [3, 37]. Тарихи отандарынан күштеп жер аударылған Солтүстік Кавказ халықтары, олардың арасындағы балқарлар, барлығы да бірдей ауыр қалыптасқан жағдайда еңбек етуге, жаңа жерде өмір сүруге, мемлекеттік жоспарларды, тапсырыстарды орындауға міндетті болды.

1944 жылы Қазақстанға орталықтан бөлінген тері мен жүн шикізатынан 16 мың жұп пима, 5500 жұп былғары аяқ киім, 5 мың қысқа тон мен 72 тонна жүн барлығы 500 мыңға жуық арнайы жер аударылғандарға арнап жасалып, тапсырылды. 1944 жылдың 14 қыркүйегінде КСРО ХКК бұйрығы бойынша арнайы жер аударылғандарға жұмсалуды керек болған 1200 мың метр мата орнына тек қана 675 мың метр мата жұмсалынған. Арнайы жер аударылғандарға киім-кешек пен аяқ киім бөлу, қамтамасыз ету 1945-1946 жылдары іске асырылса да, 1946 жылдың 1 шілдесінде жүргізілген тексеріс нәтижесінде Қазақ КСР КП (б) ОК жасақтаған арнайы тексеруші бригаданың баяндама хатында арнайы жер аударылғандардың аяқ киім мен киім-кешекпен қамтылуы минималды көлемді де толыққанды қанағаттандырмайтындығы аталып өткен [5, 49-50]. 1944 жылы жер аударылған балқарлардың жағдайы өзге де халықтармен қатар 1946 жылдың өзінде де толық шешімін таппауы көп жайттан хабар берері анық.

Балқар халқы қиын тұрмысқа қарамастан өзінің еңбекқорлығымен, сабырлығымен Қазақстан жерінде ұлттарының жақсы атын шығара білді. Арнайы жер аударылған балқарлардың белгілі ақыны Кязим Мечиев 1944 жылы Қазақстанда жүріп «Многострадальный мой народ» атты өлеңін жазады, бұл өлеңінде ол келесі шумаққа бірнеше салмақты ойды сыйғызып жібереді:

«Свой народ прошу – с бедою споря,

Жить работой, почитая труд.

Совести не забывать и в горе,

И наветы, верю отпадут.» [5, 54]. Байқағанымыздай ақын балқарларды қиындыққа мойымауға, еңбекке бар күштерін салуға, ар-ұятты қайғыда да ұмытпауға шақырады. Жалған жаланың уақыт өте жалғандығы анықталатындығына сенетіндігін де шумақ соңында түйіндеп кетеді.

Арнайы жер аударылған балқарлар Кязим Мечиев ұрандағандай арнайы жер аударылғандар ішінде еңбекқорлығымен аса ерекшеленіп, ерекше бағаланды. Отанынан «қуылған» халық бастарынан не өтсе де ата жұрттарына оралу үміттерін үзбеді.

Кеңестік тоталитарлық жүйе тұтас ұлттардың тағдырын тәжірибеге салып, бірнеше буын ұрпақтарының сүйектеріне сызат түсірді. II Дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткенімен халықтарды күштеп жер аударған, саяси қуғын-сүргіндерге ұшыратқан КСРО XX ғасырдың соңында жүз мыңдаған аналар мен балалардың көз жасы, әкелер мен аталардың қандарының тамшылары ауырлығынан құлап, тарих сахнасынан кетті.

Қолдалынған әдебиеттер тізімі

1. Шабает Д.В. Правда о выселении балкарцев. Изд-е 2-е, доп.– Налчик: Эльбрус, 1994.–288 с.
2. Депортированные в Казахстан народы : время и судьбы. Алматы: «Арыс» – «Қазақстан», 1998. – 428 с.
3. Из истории депортаций. Казахстан. 1939–1945 гг. Сборник документов. Т. 3. – Алматы: ЛЕМ, 2019. – 708 с.
4. Иосиф Сталин — Лаврентию Берии: «Их надо депортиро-вать...»: Документы, факты, комментарии/ Вступ. ст., сост., послесл. Н. Бугай. — М.: Дружба народов. 1992,—288 с.
5. Сабанчиев Х. – М.А. Были сосланы навечно...- Налчик: Эльбрус, 2004.- 160 с.